

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің "Мембағалау" жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 қаңтар N 66

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің "Мембағалау" жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "2000-2001 жылдары жекешелендірілуге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 27, 312 - құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2000-2001 жылдары жекешелендірілуге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесіндегі реттік нөмірі 30 - жол алынып тасталсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі